

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы транспекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 3 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шенберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

#### 1. Қоса беріліп отырған:

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы транспекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы транспекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы транспекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық

жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі әмитенттер мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі шаруашылық жүргізу什і субъектілер мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

## 2. Мыналар:

а) осы Шешімнің 1-тармағының бесінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген регламенттерді, сондай-ақ осы Шешіммен бекітілген Сипаттаманы (әмитенттер мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) арасындағы не шаруашылық жүргізу什і субъектілер мен уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарына қатысты) уәкілетті органдар өз шешімі бойынша қолданады;

б) "Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы транспекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде уәкілдепті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл электрондық цифрлық қол қоюды (электрондық қол қоюды) қолдану арқылы жүзеге асырылады;

в) осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық комиссиясының өзінің құзыретіне Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру кіретін департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жараптар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісім күшіне енген күннен бастап, бірақ ерте дегенде 2016 жылғы 1 сәуірде күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

B. Христенко

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 19 қаңтардағы  
№ 3 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы транспекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

## I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі pilotтық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім);

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Кеден одағына және Біртұтас экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің аумақтарында жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің жекелеген түрлерін таңбалау жүйесін өзірлеу туралы" 2014 жылғы 10 қазандығы № 88 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі pilotтық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде көзделген жекелеген құжаттарды бекіту туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі pilotтық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде көзделген жекелеген құжаттарды бекіту туралы" 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, онтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

## II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске

қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленген.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қантардағы № 3 шешімінің 2-тармағының "а" тармақшасын ескере отырып, жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрамдастарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

### **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір әрекеттерді орындау құқығын беру;

"таңбаланған тауар" – Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімімен бекітілген бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын тауарлардың тізбесіне енгізілген және бақылау (сәйкестендіру) белгісі салынған тауар;

"бақылау (сәйкестендіру) белгілерінің эмиссиясы" – Одаққа мүше мемлекеттің аумағында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген занды тұлғалар мен жеке тұлғаларға бақылау (сәйкестендіру) белгілерін дайындау және өткізу;

"эмитенттер" – Одаққа мүше мемлекеттің аумағында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген занды тұлғалар мен жеке тұлғаларға бақылау (сәйкестендіру) белгілерін дайындауды және өткізууді осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын органдар (ұғымдар).

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "бақылау (сәйкестендіру) белгісі", "бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалау", "тауарлар айналымы", "көтерме сауда", "тауарлар" және "тауарлардың тарншекаралық саудасы" деген ұғымдар Келісімде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, онтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атавы: "Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: Р.LS.01, 1.0.0 нұсқа.

## 1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары мыналар болып табылады:

а) Одақ аумағында Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімімен бекітілген Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын тауарлардың тізбесіне (бұдан әрі – тауарлардың тізбесі) енгізілген тауарлардың айналымын бақылаудың тиімді құралдары мен тетіктерін құру мен қолдауды қамтамасыз ету;

б) Одақта мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарының Одақ аумағында тауарлардың тізбесіне енгізілген тауарлардың айналымын бақылау жөніндегі өз өкілеттіктерін іске асыруын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

в) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Келісімнің орындалуын мониторингтеу және бақылау жөніндегі өз өкілеттіктерін іске асырун қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

г) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына шығарылған, салынған, пайдаланылған бақылау (сәйкестендіру) белгілері (бұдан әрі – бақылау белгілері) туралы, сондай-ақ таңбаланған тауарлар туралы хабарлау кезінде тауарлар айналымына қатысатын, дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген эмитенттер, заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар үшін Одақ шенберінде тең жағдайлар жасау.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жетізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) таңбаланған тауарлар айналымы туралы мәліметтерді ұсыну мақсатында, соның ішінде трансшекаралық сауданы жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

б) Комиссияның мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан Келісімнің орындалуын бақылау мен мониторингтеуді жүзеге асыру мақсатында таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтерді алуын қамтамасыз ету;

в) эмитенттердің мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына дайындалған бақылау белгілері және мүше мемлекеттердің аумақтарында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларға оларды өткізу туралы мәліметтерді ұсынудың біріздендірілген механизмдерін жасауды қамтамасыз ету;

г) Одақ аумағында тауарлардың айналымына қатысатын, дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына бақылау белгілерін салу және пайдалану туралы мәліметтерді, сондай-ақ таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтерді ұсынудың біріздендірілген механизмдерін жасауды қамтамасыз ету;

д) мұдделі тұлғаларға таңбаланған тауарлар туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз ету.

## **2. Жалпы процеске қатысушылар**

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### **Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі**

Кодпен белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан келіп түсетін таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтерді қабылдау мен өндөуге, Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыруға, таңбаланған тауар туралы мәліметтерді сұрау салу бойынша мұдделі тұлғага ұсынуға жауап беретін Комиссияның құрылымдық бөлімшесі
P.LS.01.ACT.001	эмитент	тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне дайындалған және өткізілген бақылау белгілері туралы мәліметтерді ұсынатын эмитент
P.LS.01.ACT.002	шаруашылық жүргізуші субъект	дара кәсіпкер ретінде тіркелген, бақылау белгілерін салу және пайдалану туралы, сондай-ақ таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтерді тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентіне ұсынатын заңды тұлға немесе жеке тұлға

P.LS.01.ACT.003	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жауапты, әзимитенттерден дайындалған және өткізілген бақылау белгілері туралы мәліметтерді, шаруашылық жүргізуші субъектілерден – бақылау белгілерін салу және пайдалану туралы, сондай-ақ таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтерді алатын мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.LS.01.ACT.004	экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы	тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жауапты, аумағында трансшекарапың сауда шенберінде таңбаланған тауарларды өткізуі жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект тіркелген мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.LS.01.ACT.005	мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган	тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жауапты, сұрау салу бойынша басқа мүше мемлекеттің уәкілетті органына таңбаланған тауарлар туралы мәліметтерді ұсынатын, сондай-ақ Комиссияның сұрау салуы бойынша таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтерді алуын қамтамасыз ететін мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.LS.01.ACT.006	мұдделі тұлға	өз қызметінде таңбаланған тауар және оған салынған бақылау белгісі туралы мәліметтерді пайдаланатын занды немесе жеке тұлға

### 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

б) бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді және таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері;

в) Комиссияның Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер алуды рәсімдері;

г) мұдделі тұлғаға таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну кезінде бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер үсіну;

қайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтер ұсыну.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімімен бекітілген, өз мүше мемлекеттерінің құзыретті органдарына мүше мемлекеттердің заңды тұлғалары мен дара кәсіпкерлеріне бақылау (сәйкестендіру) белгілерін дайындауды және өткізуді жүзеге асыратын ұйымдар беретін ақпараттың құрылымы мен форматына қойылатын талаптарға, сондай-ақ оны беру мерзімдеріне (бұдан әрі – эмитент беретін ақпаратқа қойылатын талаптар) сәйкес жүзеге асырылады. Ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процестің операцияларын орындау Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 3 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалauға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған экелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы траншекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі эмитенттер мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Әмитенттер мен уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді және таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсынған кезде бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді және таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтер үсіну;

таңбаланған тауар туралы мәліметтер үсіну;

трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алғынған таңбаланған тауар туралы мәліметтер ұсыну;

тауарларды қайтадан таңбалау туралы мәліметтер ұсыну.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну:

шаруашылық жүргізу什і субъекті мен мұше мемлекеттің уәкілетті органы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде – Еуразиялық экономикалық комиссия Кенесінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімімен бекітілген, өз мұше мемлекеттерінің құзыретті (уәкілетті) органдарына бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын тауарлардың тізбесіне енгізілген тауарлардың айналымын жүзеге асыратын занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер беретін ақпараттың құрылымы мен форматына қойылатын талаптарға, сондай-ақ осындай ақпаратты беру мерзімдеріне (бұдан әрі – шаруашылық жүргізу什і субъектілер беретін ақпаратқа қойылатын талаптар) сәйкес жүзеге асырылады. Ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процестің операцияларын орындау Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 3 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі шаруашылық жүргізу什і субъектілер мен Еуразиялық экономикалық одаққа мұше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Шаруашылық жүргізу什і субъектілер мен уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады;

мұше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде – Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 3 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мұше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Комиссия Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер алған кезде Комиссияның Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер алуды рәсімдерінің тобына енгізілген "Комиссияның таңбаланған тауар туралы мәліметтер алуды" рәсімі орындалады.

Комиссияның көрсетілген мәліметтерді алуды Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 3 шешімімен бекітілген "Бақылау (

сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Мұдделі тұлғаға таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсынған кезде тауарларды таңбалаудың ұлттық компонентінің ақпараттық сервистері не Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистер пайдаланылады.

Тиісті ақпараттық сервистердің қолдану үшін мұдделі тұлғаға таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері жүзеге асырылады:

тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентін пайдалану арқылы тауарларды қайтадан таңбалау туралы мәліметтер ұсыну;

Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы тауарларды қайтадан таңбалау туралы мәліметтер ұсыну.


Көрсетілген мәліметтерді ұсыну:

мәліметтерді тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентін пайдалану арқылы ұсынған кезде – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес;

мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы ұсынған кезде – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 3 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауға жататын, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында өндірілген немесе оған әкелінген тауарлар туралы, соның ішінде осындай тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы трансшекаралық айналымы кезінде мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттасмасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

12. Жалпы процесс құрылымының көлтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерінің орындалу тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.


14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема және олардың олардың орындалу тәртібі келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясы пайдаланыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабықталған.

#### 4. Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

15. Бақылау белгілерін дайындау және өткізу кезінде эмитент мүше мемлекеттің уәкілдік органына тиісті мәліметтер ұсынады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (PLS.01.PRC.001) рәсімі орындалады.

Шаруашылық жүргізуші субъекті мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес пайдаланылмаған және (немесе) жарамсыз бақылау белгілерін қайтарған кезде, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес бұрын шығарылған және өткізілген бақылау белгілерін оларды пайдаланған кезге дейін бұлінген не жоғалған (ұрланған) деп таныған кезде эмитент мүше мемлекеттің уәкілдік органына көрсетілген бақылау белгілері туралы мәліметтерді (бұдан әрі – қайтарылған бақылау белгілері) ұсынады. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Қайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтер ұсыну" (PLS.01.PRC.002) рәсімі орындалады.

16. Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

**Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.01.PRC.001	бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну	рәсім эмитенттің мүші мемлекеттің уәкілетті органдына бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсынуна арналған
P.LS.01.PRC.002	кайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтер ұсыну	рәсім эмитенттің мүші мемлекеттің уәкілетті органдына кайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтерді ұсынуна арналған

**5. Бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді және таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы**

18. Бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді шаруашылық жүргізуші субъекті уәкілетті органға мынадай жағдайларда:

Одақтың кедендейк аумағына тауарларды әкелу кезінде;

тауарларды өндіру кезінде;

тауар қалдықтарын таңбалай кезінде;

тауарлармен комиссиялық сауда жасау кезінде ұсынады.

Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.003) рәсімі орындалады.

Шаруашылық жүргізуши субъекті (егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе) мүше мемлекеттің уәкілетті органына таңбаланған тауар туралы мәліметтерді , егер таңбаланған тауармен мынадай операциялар жасалса:

тауар бөлшек сауда шенберінде өткізілсе (сатылса);

бөлшек сауда шенберінде өткізілген тауар қайтарылса (тиісті сападағы тауарды қайтару (алмастыру) үшін мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген мерзім ішінде тауар қайтарылған және бақылау белгісінің тұтастығы сақталған жағдайда);

тауар жойылса (жоғалса) ұсынады.

Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Таңбаланған тауар туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.004) рәсімі орындалады.


Тауарларды траншекаралық сауда шенберінде сатып алған жағдайда шаруашылық жүргізуши субъекті мүше мемлекеттің уәкілетті органына тауарларға салынған бақылау белгілерінің тізбесін ұсынады. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы алынған ақпаратты экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде траншекаралық сауда шенберінде тауарларды сату фактісін тіркейді және мүше мемлекеттің уәкілетті органына көрсетілген тауарлар туралы мәліметтерді ұсынады. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары экспорттаушы тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған мәліметтерді талдауды жүзеге асырады, тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде траншекаралық сауда шенберінде тауарларды сатып алу фактісін тіркейді, траншекаралық сауда шенберінде сатып алған тауарлар туралы мәліметтерді өндөу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырып, шаруашылық жүргізуши субъектіге жібереді.

Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Траншекаралық сауда шенберінде сатып алынған таңбаланған тауар туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC .005) рәсімі орындалады.

Егер мүше мемлекеттердің заңнамасында траншекаралық сауда шенберінде өткізілген тауарларға салынған бақылау (сәйкестендіру) белгілері туралы хабарлауға қойылатын талаптар белгіленсе, тауарларды бақылау белгілерімен таңбалау кезінде, егер бақылау белгісі бүлінсе немесе жойылса және (немесе) тауарды қайтару (алмастыру) тиісті сападағы тауарды қайтару (алмастыру) үшін мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалған мерзімнен асатын мерзімде жүргізілсе, шаруашылық жүргізуши субъекті мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді ұсынады.

Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде "Тауарларды қайтадан таңбалалу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.006) рәсімі орындалады.

19. Бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді және таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді және таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді және таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

### **Бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді және таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.01.PRC.003	бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтер ұсыну	рәсім шаруашылық жүргізуши субъектінің мүше мемлекеттің уәкілдік органдына бақылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтер ұсынуына арналған
P.LS.01.PRC.004	таңбаланған тауар туралы мәліметтер ұсыну	рәсім шаруашылық жүргізуши субъектінің мүше мемлекеттің уәкілдік органдына таңбаланған тауар туралы мәліметтер ұсынуына арналған


P.LS.01.PRC.005	трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауар туралы мәліметтер ұсыну	рәсім трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсынуға арналған
P.LS.01.PRC.006	тауарларды қайтадан таңбалашу туралы мәліметтер ұсыну	рәсім шаруашылық жүргізуінің субъектінің, егер бакылау белгісі бүлінсе немесе жойылса және (немесе) тауарды қайтару (алмастыру) тиісті сападағы тауарды қайтару (алмастыру) үшін мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалған мерзімнен асатын мерзімде жүргізілсе, бакылау белгілерін пайдалану туралы мәліметтерді ұсынуына арналған

## 6. Комиссияның Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер алуы рәсімдерінің тобы

21. Комиссия Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органынан таңбаланған тауарлардың айналымы туралы мәліметтер сұратады.

Көрсетілген мәліметтерді сұратқан кезде "Комиссияның таңбаланған тауар айналымы туралы мәліметтерді алуы" (P.LS.01.PRC.007) рәсімі орындалады.

22. Комиссияның Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер алуы рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Комиссияның Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер алуы рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Комиссияның Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер алуы рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

## **Комиссияның Келісімнің орындалуын мониторингтеу мен бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер алуды рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.01.PRC.007	Комиссияның таңбаланған тауар айналымы туралы мәліметтерді алуды	рәсім мәлімет ұсынатын уәкілетті органнан сұрату арқылы Комиссияның таңбаланған тауар айналымы туралы мәліметтерді алудына арналған


### **7. Мұдделі тұлғаға таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы**

24. Мұдделі тұлға таңбаланған тауар туралы мәліметтер тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің ақпараттық сервистерін не Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану арқылы таңбаланған тауар туралы мәліметтерді алады.

Тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненті шеңберінде таңбаланған тауар туралы мәліметтерге сұрату келіп түскен кезде сұратуды уәкілетті органдарға қайта арестеу қажет болған кезде "Тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентін пайдалану арқылы тауарларды қайтадан таңбалау туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.008) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәлімет ұсынған уәкілетті органнан таңбаланған тауар туралы мәліметтерді сұратады және алады, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді мұдделі тұлғаға ұсынады.

Одақтың ақпараттық порталында жеке кабинет арқылы мұдделі тұлғадан таңбаланған тауар туралы мәліметтер ұсынуға сұрату келіп түскен кезде "Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы тауарларды қайтадан таңбалау туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.009) рәсімі орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия мәлімет ұсынған уәкілетті органнан таңбаланған тауар туралы мәліметтерді сұратады және алады, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді мұдделі тұлғаға ұсынады.

25. Мұдделі тұлғаға таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 5-суретте берілген.



**5-сурет. Мұдделі тұлғаға таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы**

26. Мұдделі тұлғаға таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

**Мұдделі тұлғаға таңбаланған тауар туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1 P.LS.01.PRC.008	2 тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентін пайдалану аркылы тауарларды қайтадан таңбалау туралы мәліметтер ұсыну	рәсім мұдделі тұлғаның тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінің ақпараттық сервистерін пайдалана отырып таңбаланған тауар туралы мәліметтерді алуына арналған
P.LS.01.PRC.009	Одақтың ақпараттық порталын пайдалану аркылы тауарларды қайтадан таңбалау туралы мәліметтер ұсыну	рәсім мұдделі тұлғаның Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалана отырып таңбаланған тауар туралы мәліметтерді алуына арналған

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

27. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

## Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодпен белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LS.01.BEN.001	бақылау белгілері туралы мәліметтер	дайындалған және өткізілген бақылау белгілері туралы мәліметтердің жиынтығы
P.LS.01.BEN.002	таңбаланған тауар туралы мәліметтер	бақылау белгісін пайдалану және пайдаланылған бақылау белгісі салынған тауар туралы мәліметтердің жиынтығы

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

28. Мәліметтердің дер кезінде берілуін және толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сактамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

29. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

### Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


Кодпен белгілеу	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.008	байланыс түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	байланыс түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды ("Communication Channel Code" БҮҰ СЕФАКТ сыныптауышмен үндестірілген)
P.CLS.019	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдер атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.023		сыныптауыш	өлшем бірліктері кодтарының, шартты белгілері мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы

	өлшем бірліктерінң сыныптауышы		Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдер атауларын және олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.098	бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалалауға жататын тауарлардың тізбесі	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімімен бекітілген ЕАЭО СЭҚ ТН тауарлық позициясының атауына сәйкес тауарлардың тізбесін қамтиды
P.LS.01.CLS.001	ұсынылатын ақпарат типтерінің тізбесі	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 шешімімен бекітілген ақпарат типтерінің (түрлерінің) кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.LS.01.CLS.002	тауарларды айналымнан шығару тәсілдерінің анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 шешімімен бекітілген тауарларды айналымнан шығару тәсілдерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.LS.01.CLS.003	тауарды айналымға шығару тәсілдерінің анықтамалығы	анықтамалық	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 шешімімен бекітілген тауарды айналымға шығару тәсілдерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

## VIII. Жалпы процесс рәсімдері

**1. Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері "Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.001) рәсімі**

30. "Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы

31. "Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.001) рәсімін әмитент бақылау белгілерін дайындау және өткізу кезінде орындалады

32. Бірінші болып "Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді ұсыну" (P.LS.01.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша әмитент бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады.

33. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Мүше мемлекеттің уәкілетті органының бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өндөрү" (P.LS.01.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша көрсетілген мәліметтерді қабылдау және өндөрү жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы алынған мәліметтерді өндеген кезде тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде мәліметтердің жоқ екенін тексеру жүзеге асырылады. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы жүзеге асыратын тексерулердің құрамы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес кеңейтілуі мүмкін. Алынған мәліметтерді өңдеуді орындау нәтижелері бойынша әмитентке бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтердің табысты түрде өндөлгені туралы хабарлама немесе операцияларды орындаудан бас тартылғаны туралы хабарлама жіберіледі.

34. Эмитентке бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтердің табысты түрде өндөлгені туралы хабарлама немесе операцияларды орындаудан бас тартылғаны туралы хабарлама келіп түскен кезде "Мүше мемлекеттің уәкілетті органынан бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.LS.01.OPR.003) операциясы орындалады.

35. Эмитенттің бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтердің табысты түрде өндөлгені туралы хабарламаны немесе операцияларды орындаудан бас тартылғаны туралы хабарламаны алуы "Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.001) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

36. "Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 8-кестеде келтірілген.

#### 8-кесте

**"Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодпен белгілеу	Атауы	Сипаттамасы
1 P.LS.01.OPR.001	2 мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну	3 осы Қагидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.LS.01.OPR.002	мүше мемлекеттің уәкілетті органының бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі	осы Қагидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.LS.01.OPR.003	мүше мемлекеттің уәкілетті органынан бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алу	осы Қагидалардың 11-кестесінде келтірілген

#### 9-кесте

**"Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.OPR.001) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгілеу	P.LS.01.OPR.001
2	Операция атауы	мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	Эмитент
4	Орындалу шарты	орындаушы бақылау белгілерін дайындау және өткізу кезінде орындаиды
5	Шектеулер	мәліметтер әмитент беретін ақпаратқа қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс. Мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы туралы мәліметтерді орындаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылау белгілері дайындалғаннан және (немесе) өткізілгеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде береді
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Эмитенттер мен уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы туралы мәліметтерді қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады
7	Нәтижелер	бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы туралы мәліметтер мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған

10-кесте

**"Мүше мемлекеттің уәкілетті органының бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өндөуі" (P.LS.01.OPR.002) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодпен белгілеу	P.LS.01.OPR.002
2	Операция атавы	мүше мемлекеттің уәкілетті органының бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді қабылдауды және өндөуді
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарты	орындаушы бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтер әмитенттер беретін ақпаратқа қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс, мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы алынған мәліметтерді қабылдау мен өндөуді Әмитенттер мен уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-кимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырады. Табысты түрде өндөлген кезде орындаушы бақылау белгілері туралы мәліметтерді тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде тіркейді, бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтердің табысты түрде өндөлгені туралы хабарламаны қалыптастырады және әмитентке жібереді. Өндөуді орындау кезінде кателер анықталған жағдайда орындаушы операцияны орындаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырып, әмитентке жібереді
7	Нәтижелер	бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтер өндөлді, бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтердің табысты түрде өндөлгені туралы хабарлама немесе операцияны

		орындаудан бас тартылғаны туралы хабарлама эмитентке жіберілді
--	--	--


## 11-кесте

**"Мұше мемлекеттің уәкілетті органынан бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтердің табысты түрде өнделгені туралы хабарлама немесе операцияны орындаудан бас тартылғаны туралы хабарлама алу" (P.LS.01.OPR.003) операциясының сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгілеу	P.LS.01.OPR.003
2	Операция атавы	мұше мемлекеттің уәкілетті органынан бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	Эмитент
4	Орындалу шарты	орындаушы бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтердің табысты түрде өнделгені туралы хабарлама немесе операцияны орындаудан бас тартылғаны туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Мұше мемлекеттің уәкілетті органының бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтердің кабылдауы және өңдеуі" (P.LS.01.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Эмитенттер мен уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мұше мемлекеттің уәкілетті органынан бақылау белгілерін дайындау және өткізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдауды жүзеге асырады
7	Нәтижелер	мәліметтердің табысты түрде өнделгені туралы хабарлама немесе операцияны орындаудан бас тартылғаны туралы хабарлама алынды

## "Қайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.002) рәсімі

37. "Қайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы 7-суретте берілген.



7-сурет. "Қайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы

38. "Қайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.PRC.002) рәсімі шаруашылық жүргізуши субъекті мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес пайдаланылмаған және (немесе) жарамсыз бақылау белгілерін қайтарған кезде, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес бұрын шығарылған және өткізілген бақылау белгілерін оларды пайдаланған кезге дейін бұлғын не жоғалған (үрланған) деп таныған кезде орындалады.

39. Бірінші болып "Қайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтер ұсыну" (P.LS.01.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша әмитент қайтарылған бақылау белгілері туралы мәліметтерді қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынады.

